



Автор: Акшабаева Аерке Бгдатовна

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Қазақ-жоңғар соғыстары

Тақырып: Жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы Зерттеу сұрағы: Не себепті «Елім-ай» бүкілхалықтық әнге айналды

Осы сабаққа негізделген мақсаттар:	7.1.1.1 жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру; 7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: Жоңғар шапқыншылығының демографиялық өзгерістерін анықтайды. Оқушының басым бөлігі: Қазақ халқының басынан кешірген "Елім-ай" атты зарлы әнінің бүкілхалықтық әнге айналғандығын түсіндіреді. Кейбір оқушылар: Халық ауыз әдебиеті мен музыка туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалайды.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу, түсіну, қолдану, талдау, бағалау.
Тарихи концепт:	Интерпретация. Ш.Уәлиханов пен Ш.Құдайбердіұлының "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" туралы жазған дерегіне баға береді. Дәлел. Оқиғаларға қатысты негізгі деректерді пайдалана отырып дәлел келтіру.
Бағалау критерийлері	- Жоңғар шапқыншылығы салдарынан туындаған ішкі миграциялық өзгерістерді анықтай алады; - «Елім-ай» әнінің тарихи дереккөзі ретінде құндылығына түсінік береді.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады, оқыған ақпаратты өз сөзімен баяндайды. Бұрынғы алған білімін жаңа ақпаратпен ұштастырады. Мәтін бойынша өздігінен талдау жасап, ондағы негізгі мәселені түсіндіріп бере алады.
Құндылықтарға баулу:	- Толеранттылық сана қалыптастыру; - сын тұрғысынан ойлауды қалыптастыру; - Ата-бабамыздың ұлы істері арқылы патриоттық сезімге баулу.
Пән аралық байланыс:	Қазақ әдебиеті, география.
АКТ дағдыларын қолдану	Интерактивті тақтаны қолдану, оқулық, суреттер, топтық тапсырмалар.
Алдыңғы сабақ білімдері:	Жоңғар мемлекетінің құрылуы мен басқыншылық жорықтары. «Доп лақтыру» әдісі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (2 мин)	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Аялы алақан» Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту. Нұсқаулық: қатысушылар шеңбер болып отырады. «Бүгінгі сабақтан не алғыңыз, не көргіңіз келеді?» — сұрағын оқушыларға қойып, сұрақтарға жауап алу. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады. (Тренинг соңында қатысушылар дөңгеленіп қолдарын ұстайды) Сол шеңбердің негізінде 1,2,3 деп санау арқылы топқа бөлінеді. Бағалау парақшасымен таныстыру. Өткенді қайталау «Доп лақтыру» әдісі Жоңғар хандығы қашан құрылды? Сыртқы жаулардың қазақ жеріне басып кіруінің себебі неде?	«Аялы алақан» Тренинг.
Алдыңғы білім (3 мин)	Қазақ хандығының XVIII ғасырдың басындағы ішкі жағдайы қандай болды? сепаратизм дегеніміз не? "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" туралы не білесіз?	https://ust.kz/word/sabaqta_qoldanylatyn50_adis_jinagy-2546.html

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Алдыңғы білім (1 мин)	Қ.Б: Ду қол шапалақ. Оқушыларға сабақ үдерісінде тапсырмаларды орындаудағы ұтымды тұстарын айта кетіп, жауапқа риза болғанда «Керемет! Жарайсың! Тамаша!» деген сөздермен мадақтап отырамын. Ширату: «Елім-ай» әнін тыңдату. Әнге байланысты оқиғаны тауып,сипаттаңыз.	halyk-ani-elim-ai.htm
Сабақтың ортасы (5 мин)	Барлық топқа бірдей мәтін таратылады .«Ақпаратты сүзу» әдісі арқылы постер құрады: Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістер мен халық ауыз әдебиеті мен музыка өнер туындылары. Бағалау критерийіДескрипторЖоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді, халық ауыз әдебиеті мен музыка өнерінің туындыларын біледі. -Демография, миграция терминдерін біледі; -Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі "Елім-ай" әнінің шығу тарихын түсінеді; -Ш.Уәлиханов пен Ш. Құдайбердіұлының "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" туралы жазған ойларына баға береді;	8 сынып Қазақстан тарихы: Алматы:Мектеп:2018ж Касымбаев Ж. Омарбеков Т. \$1,3 https://massaget.kz/layfstayl/bili m/gumanitarly-ylymdar/579/
Сабақтың ортасы (5 мин)	Тапсырма-2. "Елім-ай" өлеңі қазақ халқының басынан кешірген ауыр қасірет заманын бейнелеуі туралы "Ой қозғау" (топтық жұмыс). Сұрақтар: 1. Өлең жолдарынан қандай тарихи оқиға туралы ақпарат алуға болады, қысқаша тоқталыңыз. 2. Тарихи кезеңдегі қазақ халқының әлеуметтік салаларын талдаңыз. 3. Тарихи кезеңдегі қазақ халқының саяси салаларын талдаңыз. 4. Тарихи кезеңдегі қазақ халқының экономикалық салаларын талдаңыз. ҚБ «Мадақтау»	5e0a0755570b7.png Image not found or type unknown halyk-ani-elim-ai.htm слайд
Сабақтың соңы (10 мин)	ПТМС формуласын қолдану арқылы талдап, қорытынды жасаңыз. Позиция «менің ойымша?» Түсіндіру (себебі...) Мысал (мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын....) Салдар (қорытынды жасаймын....)	
Сабақтың соңы (3 мин)	5e0a07ea66373.png Image not found or type unknown	Кері байланыс кемесі
Сабақтың соңы (4-мин)	Білемін Білдім Білгім келеді Сабақ уақытында оқушыларды ынталандыру мақсатында оларды қолдап, мадақтап отырамын. «Жарайсы! Кермет! Тамаша!»	https://www.qamshy.kz/uploads/thumbnail/20170708153023184_big.jpg